

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АЛМАТЫ АУДАНДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
2010 ж. 22 - 07 заңды
Тұлға мемлекеттік тіркеуден қайта өткізілді
№ 628-1910-02-МКК куәлік
Алғашқы тіркелген күні 1999 ж. 26 02
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАТИНСКОГО РАЙОНА
произведена государственная перерегистрация
юридического лица 22 01 2010 г.
свидетельство № 628-1910-02-ГП
Дата первоичной регистрации «26» 02 1999
БСН/БИН 990240008700

Қазақстан Республикасы
жекешелендіру және мемлекеттік
мүлік комитеті Төрағасының
2012 жылғы 19 сәуірдегі № 381
бұйрығымен бекітілген



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АЛМАТЫ АУДАНДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
№ 683 БҰЙРЫҒЫ
2012 ж. 07 05
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАТИНСКОГО РАЙОНА
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПРИКАЗ № 683
07 05 2012 г.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
шаруашылық жүргізу құқығындағы «Кардиология және ішкі аурулар
ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорыны (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жекелеген ведомстволық бағыныстағы ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 қыркүйектегі № 1354 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта құру жолымен құрылды және оның барлық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болып табылады.

3. Кәсіпорын құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік республикалық меншік құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорын атауы:

мемлекеттік тілде:

толық - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорыны;

қысқа - ҚР ДСМ «КІАҒЗИ» РМК;

орыс тілінде:

толық - Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Научно-исследовательский институт кардиологии и внутренних болезней» Министерства здравоохранения Республики Казахстан;

қысқа - РГП «НИИ КиВБ» МЗ РК;

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әйтеке би к-сі., 120.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорын заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорын атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты ғылыми зерттеулерді орындау, білікті және жоғары мамандандырылған, мамандандырылған медициналық, оның ішінде жоғары технологияларды қолдана отырып көмек көрсету, білім беру бағдарламаларын және ішкі медицина саласында ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарын жүзеге асыру болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) амбулатория-емханалық көмек нысандары бойынша медициналық қызметті, бастапқы медициналық-санитариялық көмекті, кеңестік-диагностикалық көмекті, стационарлық көмекті, стационарды алмастырушы көмекті, жедел медициналық жәрдемді, төтенше жағдайларда медициналық көмекті, қалпына келтіру мен медициналық оңалтуды төмендегі медициналық көмек түрлерін қоса отырып көрсету:

- мамандандырылған медициналық көмек: жалпы дәрігерлік практика, терапия, хирургия;

- терапия бейінін (терапия, аллергология, гастроэнтерология, гематология, нефрология, кардиология, ревматология, пульмонология, эндокринология, неврология, терапиялық стоматология, реабилитология, кәсіби патология, еңбек терапиясы, фтизиатрия, геронтология, гериатрия, гирудотерапия, емдік дене шынықтыру, емдәмтану, рентгенология, Су-джок-терапиясы, мануалдық терапия, рефлексотерапия, гомеопатия, дерматокосметология, иммунология) және хирургиялық бейінді (кардиохирургия, анестезиология-реаниматология, клиникалық трансфузиология, интервенциялық кардиология) қамтитын мамандандырылған медициналық көмек;

- терапиялық және хирургиялық (кардиохирургия, ангиохирургия, трансфузиология) бейіндерді қамтитын жоғары мамандандырылған медициналық көмек ;

- бактериологиялық, биохимиялық, иммунологиялық зерттеулерді қамтитын зертханалық диагностика, адамның иммунитет тапшылығы вирусына зертханалық диагностикалау (АИТВ-диагностика), жалпыклиникалық, серологиялық, цитологиялық зерттеулерді қамтитын зертханалық диагностика;

- диагностика: радиологиялық, рентгенологиялық, ультрадыбыстық, функциялық, эндоскопиялық, патологиялық анатомия;

- денсаулық сақтау саласындағы сараптама, уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздықты қамтитын ғылыми-медициналық сараптама, сондай-ақ басқа жұмысқа ауысуды қажет ететін тұлғаларға еңбекке жарамсыздық парақтарын беру мен ұзартуды жүзеге асыру, санаториялық-курорттық емделуге іріктеу, еңбекке жарамсыздықты тұрақты түрде жоғалту белгілері бар тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу;

- қоғамдық денсаулық сақтауды қорғау саласындағы қызмет;

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексімен тыйым салынбайтын өзге де медициналық қызмет түрлері.

2) денсаулық сақтау саласында ғылыми қызмет, оның ішінде іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламаларына, республикалық нысаналы ғылыми-медициналық бағдарламаларға қатысу, ҚР денсаулық сақтау тәжірибесіне енгізуге жоспарланып отырған ғылыми-медициналық әзірлемелерді жүзеге асыру;

3) Кәсіпорын қызметінің бейіні бойынша монографиялар, ғылыми еңбектер жинақтарын, әдістемелік құралдар, ұсынымдар және басқа да материалдарды басып шығару;

4) республикалық, халықаралық ғылыми форумдар, конференциялар, съездер, семинарларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысу;

5) медициналық-биологиялық эксперименттер, клиникаға дейінгі (клиникалық емес) және клиникалық зерттеулер жүргізу, диагностиканың, емдеу мен медициналық оңалтудың жаңа әдістерін қолдану;

6) білім беру қызметін іске асыру, оның ішінде дипломнан кейінгі және қосымша кәсіптік білім беруді, резидентура арқылы, оның ішінде жақын және алыс шетел мамандары арқылы ішкі медицина саласында жоғары білікті ғылыми кадрларды оның ішінде даярлауды қамтитын денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру;

7) Кәсіпорын қызметінің негізгі саласы бойынша республика өңірлерінің денсаулық сақтау ұйымдарына ұйымдастыру-әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

8) Кәсіпорынның ғылыми-практикалық қызметіне қазіргі заманғы ақпараттық және телемедициналық технологияларды енгізу;

9) курортологияның ғылыми орталық ұйымын минералды сулардың,

емдік лайлардың, минералдық тұздардың құрамы мен қасиетіне медициналық-биологиялық, органолептикалық, микробиологиялық, санитариялық-химиялық, токсикологиялық және радиологиялық зерттеулер жүргізу, оларды емдеу, медициналық оңалту мен аурулардың профилактикасы мақсатында пайдалану мүмкіндігі туралы бальнеологиялық медициналық қорытынды беру, кен орындары мен шаруашылық-ауыз сулар, сондай-ақ лайлы көлдердің, оның ішінде Қазақстан Республикасының экологиялық қолайсыз аймақтарын зерделеу; жоғарыда көрсетілген арбитраждық және басқа сынақтарды қосқанда табиғи сулы-минералды және лайлы объектілердің толық талдау кешенін орындау.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

16. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорын директорының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкел соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Кәсіпорынның құрылтайшысы болады;

2) Қазақстан Республикасының атынан Кәсіпорынға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осы қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорын түрін айқындайды және Кәсіпорынның Жарғысын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорын ды берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап

алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорын алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен теңгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) Кәсіпорынды бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

10) Кәсіпорынды бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Кәсіпорынды жұмыс істеуі мен оған басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жататын басқа да мәселелерді шешеді.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарын (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын берген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

6) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) Кәсіпорынның таза табыстың белгіленген бөлігін республикалық бюджетке толық және уақытылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Кәсіпорын директорының ұсынымы бойынша орынбасарын қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады;

11) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Кәсіпорын директорының, орынбасарлары және бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

13) Кәсіпорын басшысының ұсынымы бойынша келіседі:

- Кәсіпорын өкілдіктері және филиалдарының директорларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады,

- мемлекеттік сатып алуды өткізу және ұйымдастыру және құқықтық (заңды) қамтамасыз ету бойынша Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын (жұмыс берушінің бастамасы бойынша) лауазымнан босату және лауазымға тағайындау (қабылдау, ауыстыру, алмастыру);

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жататын басқа да мәселелерді шешеді.

20. Кәсіпорын директоры оның органы болып табылады.

21. Директорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 қарашадағы № 1353 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның директорымен еңбек

қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын директорының жауапкершілігі айқындалады.

23. Кәсіпорынның директоры Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

24. Кәсіпорынның директоры Кәсіпорынды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

25. Директор дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады,

көтермелеу шараларын қолданады егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

10) орынбасары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Байқау кеңесі бар Кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

27. «Шаруашылық жүргізу құқығындағы кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға байқау кеңестерін енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 тамыздағы № 974 қаулысына сәйкес Кәсіпорында кәсіпорын органы – байқау кеңесі енгізілді.

28. Байқау кеңестері құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға қойылатын критерийлер байқау кеңесі енгізілген «Байқау кеңестері құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға қойылатын критерийлерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 712 қаулысымен бекітілген.

29. Байқау кеңесін құру қағидасы, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидасы «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидасын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 маусымдағы № 686 қаулысымен белгіленген.

30. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау қағидасы «Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 шілдедегі № 876 қаулысымен белгіленген.

31. Байқау кеңесі туралы ережені, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібін тиісті саланың уәкілетті органы бекітеді.

32. Кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы, оған өзгертулер мен толықтыруларды енгізу бойынша сәйкес саланың өкілетті органына қорытынды береді;

2) даму жоспарын орындау туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық қорынан, қосымша көздерден алынған, оның ішінде, Кәсіпорын қарамағында қалған таза табыс есебінен қаржыны бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджеттік қаржыдан және қосымша көздерден алынған қаражатты мақсаттық пайдалануды бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттарымен танысады, және сәйкес саланың өкілетті органына аталған қаржыны мақсаттық пайдаланғанын тексеруді іске асыру үшін ұсыныстарды енгізеді;

5) сәйкес саланың өкілетті органдарының Кәсіпорын директорын тағайындау және онымен еңбек келісім-шартын бұзу туралы ұсыныстарды келіседі;

6) ұжымдық келісім-шартты дайындауға және даму жоспарымен бекітілген қаржы аясындағы қосымша көздерден қызметкерлерге, Кәсіпорын директорына, орынбасарларына, бас бухгалтерге қызметтік еңбекақыға үстемақы қосу, сыйақыландыру және оларға материалдық көмек көрсету туралы шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындау, оның өкілеттігінің мерзімін және еңбек ақысының мөлшерін анықтайды, оның өкілеттігін уақытынан ерте тоқтатады;

8) сәйкес саланың өкілетті органына Кәсіпорын Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басымды бағыттары бойынша ұсыныстарды дайындайды;

10) сәйкес саланың өкілетті органына Кәсіпорынның басқа да заңды тұлғаларда қатысуы туралы ұсыныстарды енгізеді;

11) сәйкес саланың өкілетті органына Кәсіпорынның филиалдарын, өкілеттіліктерін құру және жабу бойынша ұсыныстарды енгізеді.

33. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

34. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, тиісті саланың уәкілетті органының, байқау кеңесі мүшесінің немесе Кәсіпорынның директорның талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

35. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері

оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

36. Кәсіпорынның байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда Кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

37. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

11. Кәсіпорын мүлкі

38. Кәсіпорын мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

39. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде . Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

40. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

41. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

42. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

43. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

44. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынды бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорын мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

45. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

46. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 86 және 87-тармақтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

47. Осы Жарғының 85-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорынның мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;
- артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мүлікті алып қою жатқызылады.

48. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

49. Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мыналарға:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;
- 4) қарыздар беруге құқылы.

50. Кәсіпорынның оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

51. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 88 және 89-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

12. Кәсіпорынды қызметін қаржыландыру

52. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

53. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

54. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

55. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша Кәсіпорын белгілейді.

56. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

13. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

57. Кәсіпорын жарғылық капиталының мөлшері 1 615 450 900 (бір миллиард алты жүз он бес миллион төрт жүз елу мың тоғыз жүз) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

14. Кәсіпорынды есепке алуы мен есептілігі

58. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

59. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

60. Кәсіпорын байқау кеңесімен бірге жылдық қаржылық есеп беру аудитін жүргізуге міндетті. Кәсіпорын аудиті байқау кеңесінің, басшының, тиісті саланың уәкілетті органының бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

15. Кәсіпорынның жауапкершілігі

61. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

16. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

62. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

63. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

17. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

64. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

65. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Университ дербес айқындайды.

66. Кәсіпорын директорының, орынбасарлардың, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

19. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

67. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

68. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.


69. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, республикалық бюджеттің табысына есептеледі.

20. Жарғыға өзгерістер және толықтырулар енгізу тәртібі

70. Кәсіпорын Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Директор




С.Ф.Беркинбаев

Утвержден

приказом Председателя
Комитета государственного
имущества и приватизации
Министерства финансов
Республики Казахстан
от «19» апреля 2012 года

№ 381



Устав

**Республиканского государственного предприятия на праве
хозяйственного ведения «Научно-исследовательский институт
кардиологии и внутренних болезней» Министерства здравоохранения
Республики Казахстан**

1. Общие положения

1. Республиканское государственное предприятие «Научно-исследовательский институт кардиологии и внутренних болезней» Министерства здравоохранения Республики Казахстан (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 11 сентября 2009 года № 1354 «О реорганизации отдельных подведомственных организаций Министерства здравоохранения Республики Казахстан» путем преобразования республиканского государственного казенного предприятия «Научно-исследовательский институт кардиологии и внутренних болезней» Министерства здравоохранения Республики Казахстан и является правопреемником всех его прав и обязанностей.

3. Учредителем Предприятия является Правительство Республики Казахстан.

4. Права субъекта права республиканской собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет Комитет государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан (далее - уполномоченный орган по государственному имуществу).

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием является Министерство здравоохранения Республики Казахстан (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

6. Наименование Предприятия:

на государственном языке:

полное – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорыны;

сокращенное – «ҚР ДСМ «КІАҒЗИ» РМҚ»;

на русском языке:

полное – Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Научно-исследовательский институт кардиологии и внутренних болезней» Министерства здравоохранения Республики Казахстан;

сокращенное - «РГП «НИИ КВБ» МЗ РК.

7. Место нахождения Предприятия: 050000, Республика Казахстан, город Алматы, улица Айтеке би, 120.

2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

10. Предприятие может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица с согласия Правительства Республики Казахстан.

Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

11. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

12. Предметом деятельности Предприятия является осуществление деятельности в области здравоохранения.

13. Целью деятельности Предприятия является выполнение научных исследований, оказание квалифицированной, высокоспециализированной, специализированной медицинской помощи, в том числе с применением высоких технологий, реализация образовательных программ и осуществление организационно-методической работы в области внутренней медицины.

14. Для реализации поставленной цели Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:

1) оказание медицинской деятельности по формам амбулаторно-поликлинической помощи, первичной медико-санитарной помощи, консультативно-диагностической помощи, стационарной помощи, стационарозамещающей помощи, скорой медицинской помощи, медицинской помощи при чрезвычайных ситуациях, восстановительного лечения и медицинской реабилитации, включая следующие виды медицинской помощи:

- квалифицированной медицинской помощи: общая врачебная практика, терапия, хирургия;

- специализированной медицинской помощи, включающей терапевтический профиль (терапию, аллергологию, гастроэнтерологию, гематологию, нефрологию, кардиологию, ревматологию, пульмонологию, эндокринологию, неврологию, терапевтическую стоматологию, реабилитологию, профессиональную патологию, трудотерапию, фтизиатрию, геронтологию, гериатрию, гирудотерапию, лечебную физкультуру, диетологию, рентгенологию, Су-джок-терапию, мануальную терапию, рефлексотерапию, гомеопатию, дерматокосметологию, иммунологию) и хирургический профиль (кардиохирургию, анестезиологию-реаниматологию, клиническую трансфузиологию, интервенционную кардиологию);

- высокоспециализированной медицинской помощи, включающей терапевтический и хирургический (кардиохирургия, ангиохирургия, трансфузиология) профили;

- лабораторная диагностика, включающая бактериологические, биохимические, иммунологические исследования, лабораторная диагностика

вируса иммунодефицита человека (ВИЧ-диагностика), общеклинические, серологические, цитологические исследования;

- диагностика: радиологическая, рентгенологическая, ультразвуковая, функциональная, эндоскопическая, патологическая анатомия;

- экспертиза в области здравоохранения, включающая научно-медицинскую экспертизу, экспертизу временной и стойкой нетрудоспособности, а также осуществление выдачи и продления листков нетрудоспособности и трудовых рекомендаций для лиц, нуждающихся в переводе на другую работу, отбор на санаторно-курортное лечение, направление в соответствии с законодательством Республики Казахстан на медико-социальную экспертную комиссию лиц с признаками стойкой утраты трудоспособности;

- деятельность в сфере охраны общественного здоровья;

- иные виды медицинской деятельности, не запрещенные Кодексом РК «О здоровье народа и системе здравоохранения».

2) научная деятельность в области здравоохранения, в том числе участие в программах фундаментальных и прикладных научных исследований, республиканских целевых научно-медицинских программах, осуществление научно-медицинских разработок, планируемых для внедрения в практику здравоохранения РК

